

Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомалары мен сақтандыру төлемдерін қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қағиданы бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1999 жылғы 3 мамыр N 177 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 27 мамырда тіркелді. Тіркеу N 771. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2005 жылғы 12 наурыздағы N 78 Бұйрығымен (V053497)

Ескерту: Бұйрықтың атауы өзгертілді- ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен, 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен .

Б ұ й ы р а м ы н :

1 . М ы н а л а р :

1) Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомаларын қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қ а ғ и д а ;

2) 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетулерінің тізбесі;

3) Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетулерді іске асырудан алынатын қаражаттар бойынша кірістер мен шығыстар сметасының нысаны;

4) 3-қосымшаға сәйкес бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттарды пайдалану т у р а л ы е с е п т і ң н ы с а н ы ;

5) 4-қосымшаға сәйкес Демеушілік және қайырымдылық көмек үшін шоттар ашуға (әрекет ету мерзімін ұзартуға) рұқсат нысаны;

6) 5-қосымшаға сәйкес депозиттік шот ашуға (әрекет ету мерзімін ұзартуға) р ұ қ с а т н ы с а н ы б е к і т і л с і н .

2. Мемлекеттік мекемелер 1999 жылға арналған ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар бойынша сметаларда 1 тоқсанда сомалардың кіріс және шығыс бөлігі бойынша арнайы қаражаттардың шоттары бойынша 1999 жылдың 1 сәуірге дейін түскен және жұмсалған сомаларды қарастырсын.

1999 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша арнайы қаражаттар бойынша шоттардағы қалдықтар 1999 жылға арналған ақылы қызмет көрсетуден алынатын

қаражаттар бойынша сметалар 1999 жылғы 1 маусымға дейін бекітілмеген жағдайда, тиісті бюджеттердің кірісіне аударуға жатады.

3. Демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражаттардың қалдықтарын арнайы қаражаттар бойынша шоттарға немесе мемлекеттік мекемелердің "Тапсырыстар бойынша сомаларын" аталған Қағидаға сәйкес ашылған демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге арналған шоттарға аударуға рұқсат етілсін.

4. 3-тармақта аталған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің "Тапсырыстар бойынша сомалар" шоттарындағы қалдықтар тиісті бюджеттердің кірісіне есепке алуға жатады.

5. Мемлекеттік мекемелердің ашық депозиттік шоттары 1999 жылғы 1 маусымға дейін әрекет етеді деп белгіленсін. Аталған шоттардың әрекет ету мерзімін ұзарту аталған Қағидаға сәйкес жүзеге асырылады.

6. Мыналарды :

1) мемлекеттік кәсіпорындар болып қайта тіркелген бюджеттік мекемелердің қаражаттары олардың есептік шоттарына есепке алуды;

2) жалпы білім беретін мектептерде жалпыға бірдей міндетті оқыту қорын құрайтын қаражаттар мен ұзартылған күн тобы бар мектептер мен мектеп жанындағы мектеп-интернаттарда балаларды тамақтандыруға түсетін қаражаттар ақылы қызмет көрсетулердің тиісті түрлері бойынша "Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар" ағымдағы шотына есепке алуды;

3) "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Алматы қаласы Әкімінің бюджеттен тыс қорын сақтауды қоспағанда, Қаржы министрінің 1982 жылғы 27 мамырдағы N 27 бұйрығымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттерде тұратын мекемелердің бюджеттен тыс қаражаттарын жоспарлау, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы нұсқаулықпен рұқсат етілген бюджеттік мекемелердің "Басқа бюджеттен тыс қаражаттар" бойынша шоттарындағы қаражаттардың қалдықтары тиісті бюджеттердің кірісіне есепке алынсын.

7. Бюджет департаменті осы Қағиданы белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуді жүргізсін.

8. Республикалық және жергілікті бюджеттерде тұратын мекемелердің бюджеттен тыс қаражаттарын жоспарлау, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы Қаржы министрінің 1982 жылғы 27 мамырдағы N 27 бұйрығы өзгерістері мен толықтыруларымен бірге, Қаржы министрлігінің "Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомаларын қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы" 1999 жылғы 29 қаңтардағы N 44 бұйрығы және Қаржы

министрлігінің "Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомаларын қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы" 1999 жылғы 16 сәуірдегі N 153 бұйрығы күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

9. Осы Қағида Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 3 м а м ы р д а ғ ы
N 177 бұйрығымен бекітілді

Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомалары мен сақтандыру төлемдерін қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қағида

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "сақтандыру өтеулерін" және "сақтандыру өтемі" деген сөздер тиісінше "сақтандыру төлемдерін" және "сақтандыру төлемі" деген сөздермен ауыстырылды және "жергілікті қаржы органы", "жергілікті қаржы органдары", "жергілікті қаржы органдарының" және "жергілікті қаржы органының" деген сөздер тиісінше "жергілікті уәкілетті орган", "жергілікті уәкілетті органдар", "жергілікті уәкілетті органдардың" және "жергілікті уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен .

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "сметасының", "сметаларда", "сметалар", "сметалары", "сметасында", "жеке сметасын", "жеке смета", "жеке сметаларды", "жеке сметасында" және "ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражат бойынша кірістер мен шығыстар сметасы" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "жоспар" деген сөзбен ауыстырылды; "ақшалай сомаларын", "ақшалай қаражат" және "ақшалай қаражаттың" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "қаражат" деген сөзбен ауыстырылды; "жиынтық смета", "жиынтық сметаның", "жиынтық сметаны", "жиынтық сметаларды" "жиынтық сметалардың" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "жиынтық жоспар" деген сөздермен ауыстырылды ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығымен .

1. Ақылы қызметтер көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттар

Ескерту: 1-тарауда "ағымдағы шот", "ағымдағы шотты", ағымдағы шоттар", "Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар", "мемлекеттік мекеменің "Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар" ағымдағы шотының" және "ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттың ағымдағы шоты" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "ақылы қызметтер жөніндегі шот" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығымен .

1. Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен рұқсат етілген ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттарды мемлекеттік мекемелер ақылы қызметтер жөніндегі шотына жатқызады. Қызметтер көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттарды жоғарыда аталған шотқа жатқызуға рұқсат етілген мемлекеттік мекемелер тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық кесімдермен белгіленеді. Басқа мемлекеттік мекемелер басқа ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан түсетін түсімдерін мемлекеттік бюджеттің кірісіне есептейді .

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен .

2. Ақылы қызмет көрсетулердің тізбесі функционалдық топ, кіші функция, мемлекеттік мекеме-бағдарламалардың әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар кодтары, ақылы қызмет көрсетудің түрлері, түсімдердің құралу көздері мен пайдалану бағыттары көрсетіле отырып, Қаржы министрлігінің бұйрығымен бекітіледі (1-қосымша). Сол сияқты мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсету тізбесіндегі барлық өзгерістер Қаржы министрлігінің бұйрығымен енгізіледі. Функционалдық топ, кіші функция, мемлекеттік мекеме-бағдарламалардың әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар кодтары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік бюджет шығыстарының бюджеттік сыныптамасына сәйкес белгіленеді .

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 1 қарашадағы N 552 бұйрығымен .

3. Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттар осы Ережемен белгіленген тәртіппен жоспарланады және пайдаланылады, қатаң нысаналы мақсат бойынша жұмсалады және олардың таратушылары бюджет қаражаттарына иелік ету құқығы берілген мемлекеттік мекемелердің басшылары болып табылады.

4. Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттардың есебі мен есептемесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтер жөніндегі шотын ашу, жүргізу және жабу тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тиісті нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Егер мемлекеттік мекемелер жоспарлары атқарылуының бухгалтерлік есебін орталықтандырылған бухгалтерия жүргізсе, онда осы бухгалтерия қызмет көрсететін барлық мемлекеттік мекемелер үшін бір ақылы қызметтер жөніндегі шот ашылады. Бұл ақылы қызметтер жөніндегі шотты орталықтандырылған бухгалтерия орналасқан ұйым ашады.

6. Ақылы қызметтер жөніндегі шоттар бойынша қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар бойынша банктік қызмет көрсетулерге ақы төлеуді олар мен банк арасындағы келісім-шарт негізінде ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттардың есебінен мекемелер жүргізеді.

Жоспарланған кезде бұл сомалар шығыстар бөлігінің жоспарында көрсетіледі .

7. Құзыретіне мемлекеттік мекемелердің негізгі қызметіне тексеру және тексерістер жүргізу енетін ұйымдар, бір мезгілде қолда бар ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттар түсімінің заңдылығын, олардың мақсатты және үнемді жұмсалуды, сондай-ақ осы қаражаттар бойынша есеп жүргізудің және есептеме жасаудың дұрыстығын тексереді.

8. Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражат алатын бар мемлекеттік мекемелер жыл сайын Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімділік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысы белгіленген нысан бойынша ақылы қызметтердің әрбір түрі бойынша кірістер және шығыстарды қаржыландыру жоспарын (бұдан әрі - ж о с п а р) ж а с а й д ы .

Әрбір мемлекеттік мекеме осы мемлекеттік мекеме дербес есеп жүргізетініне немесе орталықтандырылған бухгалтерия қызмет көрсететіндігіне қарамастан жоспарларды жасайды. Орталықтандырылған бухгалтериялар қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелердің жоспарларын тікелей жасау орталықтандырылған бухгалтерияның қызметкерлеріне жүктеледі.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен , 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығымен .

9. Жоспардың кіріс бөлігіне олардың жоспарланған жылы бекітілген тізбесіне сәйкес ақылы қызмет көрсетудің тиісті түрлері бойынша қаражаттарының

түсімдері мен жоспарланған жылдың басында ақылы қызметтер жөніндегі шоттағы ақылы қызмет көрсетудің осы түрі бойынша қаражаттардың қалдығы енеді.

10. Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттар жоспары бойынша шығыстар шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктері бойынша оларды тағайындау мен бөлуге сәйкес көзделеді.

11. Мемлекеттік мекемелер жасаған жоспарларға мемлекет мекемелерінің басшылары қол қояды. Жоспарға кірістер бойынша және шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша есептемелер, сондай-ақ түсіндірме жазба қоса берілуі тиіс.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен .

12. Мемлекеттік мекемелер жоспарларды бюджет бағдарламасының әкімшісіне бекітуге ұсынады.

Бюджет бағдарламасының әкімшісі 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша 2 дана жиынтық жоспар жасайды және бекітеді.

Жиынтық жоспар мемлекеттік мекемелердің жоспарларының негізінде жасалады және оған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржы қызметінің басшысы қол қояды. Жоспарлардың жалпы сомасы ақылы қызмет көрсетудің әрбір түрі және жоспардың әрбір көрсеткіші бойынша жиынтық жоспардың сомасына тең болуы тиіс.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен , өзгертілді - 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен .

13. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жиынтық жоспарды ағымдағы қаржы жылының 15 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігіне немесе жергілікті қаржы органына келісуге ұсынады.

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен , өзгертілді - 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен , 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығымен .

14. Жиынтық жоспарды қарау ұсынылған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті органдары бұл жоспарларды ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттың түсім көздерінің заңдылығына да қатысты және сол сияқты кірістерді есептеудің толықтығы мен дұрыстығына, қаражаттың мақсатты бағытталуы, шығыстарды есептеуде үнем режимін қадағалауға да қатысты келіседі.

Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен , өзгертілді - 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен .

15. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынған жиынтық жоспарларды тиістілігі бойынша функционалдық басқармалар қарайды және Қаржы вице-министрі келіседі.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынған жиынтық жоспарларды тиісті жергілікті уәкілетті органдарының басшылары келіседі.

Келісілген жиынтық жоспардың бір данасы жиынтық жоспарды келіскен ұйымда (Қаржы министрлігі немесе жергілікті уәкілетті органы) қалады, бір данасы бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне беріледі.

Әрбір мемлекеттік мекеменің жоспарын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы 3 данада бекітеді. Мемлекеттік мекеменің жоспарын бекітілген жиынтық жоспары болмаған жағдайда бекітуге жол берілмейді.

Бекітілген жоспардың бір данасы бюджеттік бағдарламаның әкімшісінде қ а л а д ы .

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жоспары бекітілген мемлекеттік мекемеге осы бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жиынтық жоспардың көшірмесімен бірге, бекітілген жоспардың 2 данасын береді.

Мемлекеттік мекеме бекітілген жоспардың бір данасын өзіне қалдырады, бекітілген жоспардың бір данасын Қазынашылықтың аумақтық органына ұ с ы н а д ы .

Қазынашылықтың аумақтық органы бекітілген жоспарға сәйкес мемлекеттік мекеменің ақылы қызметтер жөніндегі шот және осы шот бойынша операциялар ақылы қызметтер жөніндегі шотының ашылуын және әрекет ету мерзімінің ұ з а р т ы л у ы н жү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен , өзгертілді - 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен .

16. Жоспары жоспарланған жылдың 1 қаңтарына дейін бекітілуі тиіс және келісілуі. Бекітілген және келісілген жоспарлардың әрекеті есепті жылдың 31 желтоқсанда тоқтатылады. Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттардың қалдықтары ақылы қызметтер жөніндегі шотта есепті жылдың 31 желтоқсанында жинақталған ақылы қызмет көрсетудің түрлері сақталған жағдайда, алдағы жылдың тиісті ақылы қызмет көрсету түрлері жоспарының кіріс бөлігіне, басқа жағдайда тиісті бюджеттердің кіріс бөлігіне көшіріледі.

Егер, мемлекеттік мекеме-бағдарламалардың әкімшілері белгіленген тәртіппен бекіту және келісу үшін ұсынған жоспары жоспарланған жылдың 1 қаңтарына дейін бекітілмесе және келісілмесе, оған жоспарлар бекітілгенге және

келісілгенге дейін алдымен жоспарланған жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 ақпанына дейін созылатын кезең ішінде 31 желтоқсандағы қаражаттар қалдығы шегінде ғана шығыстар мен өткен жылғы шығыстар жоспарын жүргізуге рұқсат етіледі.

Егер жоспар жоспарланған жылдың 1 сәуіріне дейін бекітілмесе және келісілмесе, онда жоспарланған жылғы 1 қаңтардан бастап 1 сәуірді қоса алғанда түскен қаражатты қазынашылықтың аумақтық органдарымен тиісті бюджеттің кіріс бөлігіне есепке алынады, бұл ретте республикалық бюджеттің кірісіне қаражаттың уақытылы есепке алынуын қазынашылықтың аумақтық органдары жергілікті уәкілетті органы өкімінің негізінде жүргізеді.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен, 2001 жылғы 7 сәуірдегі N 177 бұйрығымен, 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен.

17. Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттар бойынша кірістер төлеушілерден не ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттар сақталатын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтер жөніндегі шотына аудару жолымен, не мекеменің кассасына тікелей қолма-қол қаражат түсуі мүмкін. Ақылы Қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттар бойынша қолма-қол ақшаларды сол сияқты оған мекеме бойынша бұйрықпен жүктелген тұлға қабылдай алады. Төлеушілерге ақша қабылдау туралы белгіленген үлгідегі квитанция немесе ұйымда ақша құжаттарымен бірдей сақталатын кіріс кассалық ордерлері беріледі.

Мемлекеттік мекеме кассаға қабылдаған қолма-қол ақшалар оларды қабылдаған күннен бастап 3 банктік күннен кешіктірілмей ақылы қызметтер жөніндегі шотқа аударылуы тиіс. Бұл қаражаттарды уәкілетті банк бөлімшесіне алдын ала тапсырмай жұмсауға рұқсат етілмейді. Мемлекеттік мекемеге түскен сомалардың уақытылы және толық тапсырылуына басшы мен бас бухгалтер жауап береді.

18. Мемлекеттік мекемелер ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттарды тек бекітілген жоспарлар және ақылы қызмет көрсетудің әрбір түрі бойынша іс жүзінде түскен кірістер шегінде ғана жұмсай алады.

19. Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттар жоспарында көзделген артық сомалардан жыл бойы түскен кірістер ағымдағы жылы ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттардың негізгі жоспарлары қалай бекітілсе және келісілсе, сондай тәртіпте бекітілген және келісілген қосымша сомаларға қосымша жоспарлар бар болған жағдайда жұмсалыуы мүмкін. Жоспарларға "қосымша" деген белгі қойылады.

Түскен және бекітілген жоспарда көзделмеген кірістер он банктік күн ішінде тиісті бюджеттің кірісіне мемлекеттік мекемелерге аударылуға жатады.

Жоспарда көзделген сомадан тыс түскен кірістердің және түскен және бекітілген жоспарда көзделмеген кірістердің тиісті бюджетке уақытылы есепке алынуын бақылауды қазынашылықтың аумақтық органдары жүзеге асырады.

Ескерту: 19-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 7 сәуірдегі N 177 бұйрығымен , 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен .

19-1. Ақылы қызмет көрсетулер бойынша кірістер мен шығыстардың жылдық сомасы ұлғайған жағдайда, жаңа жоспар және жиынтық жоспар жасалады және белгіленген тәртіппен бекітіледі және келісіледі.

Ескерту: 19-1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен , 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен , 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығымен .

19-2. Жоспар немесе жиынтық жоспарға ақылы қызмет көрсетулердің әрбір түрі бойынша ерекшеліктер мен тоқсандар арасында жылдық соманың шеңберінде өзгерістер енгізу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

мемлекеттік мекеме бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне ұсынылып отырған өзгерістер бойынша негіздемелер мен есеп айырысуларды қоса бере отырып, 2-2-қосымшаға сәйкес жоспардың өзгеруі туралы анықтаманың ж о б а с ы н ұ с ы н а д ы ;

бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ұсынылып отырған өзгерістер бойынша негіздемелер мен есеп айырысуларды тексереді, 2-2-қосымшаға сәйкес жиынтық жоспардың өзгеруі туралы анықтаманы жасайды және бекітеді, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне немесе жергілікті қаржы органына келісуге ұ с ы н а д ы ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі немесе жергілікті уәкілетті органдары ұсынылған жиынтық жоспардың өзгеруі туралы анықтаманы қарайды, енгізіліп отырған өзгерістер бойынша негіздемені және есеп айырысуды т е к с е р е д і ;

жиынтық жоспардың өзгеруі туралы анықтама 2 данада бекітіледі және келісіледі: бір данасы анықтаманы келісілген ұйымда (Қаржы министрлігі немесе жергілікті уәкілетті органы) қалады, бір данасы бюджеттік бағдарламаның ә к і м ш і с і н е б е р і л е д і ;

жиынтық жоспардың өзгеруі туралы бекітілген анықтаманың негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекеменің жоспарының өзгеруі туралы анықтаманы 3 данада бекітеді. Жиынтық жоспардың өзгеруі туралы бекітілген және келісілген анықтамасыз жоспардың өзгеруі туралы анықтаманы бекітуге жол берілмейді;

бекітілген анықтаманың бір данасы бюджеттік бағдарламаның әкімшісінде қалады, екі данасын бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жоспары бекітілген

мемлекеттік мекемеге береді;

мемлекеттік мекеме жоспардың өзгеруі туралы бекітілген анықтаманың бір данасын өзінде қалдырады, бір данасын Қазынашылықтың аумақтық органына ұсынады.

Ескерту: 19-2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен, өзгертілді, толықтырылды - 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен, 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығымен.

19-3. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бекіткен және Қаржы министрлігімен немесе жергілікті уәкілетті органдармен келісілген жиынтық жоспарлар мен жиынтық жоспарлардың өзгеруі туралы анықтамаларды тіркеуді Қаржы министрлігі немесе жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады, ал бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бекіткен жоспарлар мен жоспарлардың өзгеруі туралы анықтамаларды тіркеуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

Ескерту: 19-3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен, 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен.

19-4. Ақылы қызмет түрлерін және ақылы қызметтер бойынша кірістер мен шығыстардың жылдық сомасын сақтай отырып, Бірыңғай бюджет сыныптамасының бюджет шығыстары функционалдық сыныптамасының кодтары өзгерген жағдайда, жоспарлар (жиынтық жоспарлар) жаңа кодтарға сәйкес бекітіледі, ал белгіленген тәртіппен бекітілген және келісілген жоспарлар (жиынтық жоспарлар) жоғарыда аталған кодтар өзгергенге дейін қайта бекітуге және қайта келісуге жатпайды. Осындай жоспарлар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің кодтардың өзгеруі туралы қолдау хатының негізінде Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың өзгерген кодтары бойынша қазынашылық аумақтық органдарында қайта ресімдеуге жатады.

Ескерту: 19-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен, 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығымен.

20. Мемлекеттік мекемелердің қаражатты бюджеттік шоттардан және заңнамаға сәйкес ашылатын басқа да шоттардан ақылы қызметтер жөніндегі шотына аударуна тыйым салынады.

Түзеу мекемелеріне қаражаттарды депозиттік шоттан ақылы қызметтер жөніндегі шотына аударуға рұқсат етіледі.

Депозиттік шоттан қаражаттарды ақылы қызметтер жөніндегі шотына аудару үшін түзеу мекемелері сотталғандардың өтініштерінің негізінде ақшаны депозиттік шоттан аударуға төлем ведомостерін толтырады және оларды

қазынашылықтың аумақтық органдарына береді.

Ескерту: 20-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен , толықтырылды - 2002 жылғы 15 шілдедегі N 324 бұйрығымен .

21. Мемлекеттік мекеме-бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп жасау жөніндегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нормативтік актілерінде белгіленген тәртіпте, нысанда және мерзімде ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттарды пайдалану жөнінде есеп жасайды, олардың қаржыландырылуына бюджетіне байланысты Қазынашылық комитетіне не жергілікті уәкілетті органдарына ұсынады. Қазынашылық комитеті және облыстық, Астана және Алматы қалаларының уәкілетті органдары мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттарын пайдалану туралы есебін 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қаржы министрлігіне ұсынады.

Ескерту: 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 496 бұйрығымен , 2001 жылғы 7 сәуірдегі N 177 бұйрығымен , 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен .

22. Мемлекеттік мекеме-бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттарды мақсатты жұмсалуына, бухгалтерлік есептің жүргізілуінің және есептеме жасаудың дұрыстығына жүйелі бақылау жасауды жүзеге асыруға, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің көмек көрсету қолданылып жүрген заңдарда көзделмеген ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттарды пайдалану фактілеріне жол бермеуге міндетті.

2. Мемлекеттік мекемелердің демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге арналған шоттары

Ескерту: 2-тараудағы "қайырымдылық көмек көрсетуге арналған шоттары", "қайырымдылық көмек үшін шоттар", "Мемлекеттік мекемелердің демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге арналған шоттары" және "мемлекеттік мекемелердің демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету үшін шоттарына" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі шот" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығымен .

23. Мемлекеттік органдардан басқа, қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі шоттары демеушілік немесе қайырымдылық көмек түрінде мемлекеттік мекемелер заңнамалық кесімдерге сәйкес заңды және жеке тұлғалардан алатын қаражаттарының түсуі үшін ашылады. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету түріндегі қаражаттар ұлттық валюта түрінде де және сол сияқты шетел валютасы түрінде де түсуі мүмкін.

Ескерту: 23-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен, 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен.

23-1. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі шоттардағы қалдыққа есептелетін қаражаттар ашық мемлекеттік органдарға бұрын берілген рұқсат бойынша тиісті бюджет кірісіне аударуға жатады. <*>

Ескерту: 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 191 бұйрығымен, 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығымен, 2 абзац алынып тасталды - 2003 жылғы 15 қыркүйектегі N 342 бұйрығымен.

24. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі шоттар ұлттық валютада сияқты шетел валютасында да: (ашылған шоттардың әрекет ету мерзімі ұзартылады) 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемелерге - қазынашылықтың аумақтық органы берген рұқсат негізінде ашылады. Рұқсат тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтініштері және демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетушілердің жазбаша өтініштері негізінде беріледі (мемлекеттік мекемелерге бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінішінде оған сәйкес мемлекеттік мекеме демеушілік және қайырымдылық көмек құралдарын пайдаланатын заңнамалық акті көрсетіледі. Жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі шоттар 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті уәкілетті органдарының негізінде ашылады (немесе ашылған шоттардың әрекет ету мерзімі ұзартылады).

Аумақтық қазынашылық органдары немесе жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің әрбір өтінішіне не демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуді енгізушілердің жазбаша өтініміне N 4-1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету есебіне қаражаттарды есепке жатқызу туралы рұқсат береді.

Егер демеушілік және қайырымдылық көмек жасаушылардан жазбаша өтініш алу мүмкін болмаса, онда:

1) егер демеушілік және қайырымдылық көмекті Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары немесе резидент еместер көрсететін болса, жазбаша өтініштің орнына Демеушілік және қайырымдылық көмек алушы мен жасаушының арасындағы шарт ұсынылады;

2) егер демеушілік және қайырымдылық көмекті жеке тұлғалар көрсетсе, демеушілік және қайырымдылық көмек үшін шотқа қаражат есептеуге жазбаша өтінішсіз жол беріледі.

Ескерту: Жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы

14 қыркүйектегі N 496 бұйрығымен , өзгертілді, толықтырылды - 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен , 2001 жылғы 7 сәуірдегі N 177 бұйрығымен , 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен , 2003 жылғы 8 мамырдағы N 191 бұйрығымен .

25. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі шотқа есептелген және мақсатты сипаты бар ақша қаражаттарын мемлекеттік мекемелер қатаң нысаналы мақсат бойынша жұмсайды. Ағымдағы жылы мақсат бойынша демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуді пайдаланбаған мемлекеттік мекемелер келесі жылы мақсат бойынша пайдалана алады. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету бойынша жоспарлар жасалмайды.

26. Мемлекеттік мекемелер кассаға қабылдаған қолма-қол ақшалар оларды қабылдаған күннен бастап 3 банктік күннен кешіктірілмей шотқа есептелуі тиіс. Бұл қаражаттарды уәкілетті банктің бөлімшесіне алдын-ала тапсырмай жұмсауға рұқсат етілмейді. Мемлекеттік мекемеге түскен сомалардың уақытылы және толық тапсырылуына басшы мен бас бухгалтер жауап береді.

27. Қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі шот бойынша қолма-қол ақшалармен жасалатын операциялар жөніндегі банктік қызмет көрсетулеріне ақы төлеуді олар мен банк арасындағы келісім-шарт негізінде демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттар есебінен мекемелер жүргізеді.

28. Мемлекеттік мекеме-бағдарламалардың әкімшілері қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі шоттарына түскен қаражатын пайдалану туралы есепті мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепті жасау жөніндегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нормативтік актілерінде белгіленген тәртіппен, нысанда және мерзімде жасайды.

3. Депозиттік шоттар

Ескерту: 3-тараудағы "депозиттік шоттар", "депозиттік шот", "депозиттік шоттарға", депозиттік шоттарды" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "депозиттік қаражат жөніндегі шот" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығымен .

29. Депозиттік қаражат жөніндегі шоттар мемлекеттік мекемелердің уақытылы билік етуінде түсетін және белгілі бір жағдайлар басталған кезде мемлекеттік бюджетке есептеуге немесе әрекет ететін заңнамаға сәйкес салымшыларға қайтаруға жататын қаражатты есептеу үшін мемлекеттік мекемелердің жұмсау құқығынсыз ашылады.

Депозиттік қаражат жөніндегі шоттар мемлекеттік мекемелерге мемлекеттік бюджеттің кірісіне тікелей есептеуге жататын және енгізушілерге қайтаруға

жатпайтын қаражат үшін ашылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының жанындағы сот әкімшілендіру жөніндегі комитетке және оның әкімшілеріне (облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы) депозиттік қаражат жөніндегі шоттар борышкерлердің, үшінші адамдардан түскен, тәркіленген мүліктерін сатудан түскен және оларды қуынушыларға беру үшін орындалатын құжаттарға ақы төлеу мақсатында сот орындаушыларының қаражатын қабылдау үшін ашылады.

Кеден органдарына депозиттік қаражат жөніндегі шоттар кеден заңнамаларына сәйкес кеден баждарын және салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомасын есепке алу үшін ашылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне және оның аумақтық органдарына, жергілікті бюджеттен қаржыланатын коммуналдық меншікті атқарушы органға депозиттік қаражат жөніндегі шоттар тендерге қатысушылардың кепілді жарна сомасын енгізу үшін ашылады.

Әділеттің аумақтық (облыстық, Астана және Алматы қалаларының) органдарына депозиттік қаражат жөніндегі шот мемлекеттік нотариустың атына борышкерден түсетін, оны несие берушіге беру үшін, пайдасына салым жасалынған тұлғаның жазбаша келісімінен оларды депозитке салған тұлғаға ақшаны қайтару үшін, немесе сот шешімі бойынша және сот шешімі бойынша белгіленген сақталу мерзімі өтуі бойынша талап етілмеген ақшаларды республикалық бюджетке есепке алу үшін ашылады.

Түзету мекемелерінде және тергеу изоляторында, қатаң сақтау істері бақылауындағы республикалық психиатрлық ауруханада, қылмыс жасауда сотталғандардың, сезіктілер мен айыптаушылардың жеке ақшасын аудару үшін, және заң актілерімен көзделген олардың осы қаржыны мына шығыстарға пайдалану үшін депозиттік қаражат жөніндегі шоттар ашылады:

азық-түлік өнімдерін, бірінші кезектегі заттарды сатып алуға;
жақын туыстарына және өзге тұлғаларға ақша аударуды, посылка,
бандерольдар жіберуге;

халықаралық телефонмен сөйлесуге ақы төлеуге;
сауда желісі арқылы әдебиет сатып алуға, газеттер мен журналдарға жазылуға арналған осы қаражатты пайдалану үшін;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған сотталғандарға және психиатриялық ауруханалардан шыққан пациенттерге ақшасының қалдығын қайтару.

Сондай-ақ, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жеке ақшалары мынадай мақсаттарға жұмсалады:
хаттар мен жеделхаттар жіберуге;

теледидар қабылдағыштары мен радиоқабылдағыштарды сатып алуға;
бас бостандығынан айыру орындарынан тыс жерлерге шығуға арналған
шығыстарды төлеуге;

медициналық көрсеткіш бойынша қажетті диеталық тағамдарды алуға;
түзету мекемелерінде пайдалануға рұқсат етілген аяқ киім мен киімдерді,
оның ішінде спорт киімін сатып алуға;

қосымша емдеу-алдын алу қызметтеріне және нормативтік құқықтық
актілермен анықталған олардың қалауымен қосымша көрсетілетін қызметтерге;

мемлекетке, түзету мекемесіне келтірген шығынды өтеуге;
оның қашуының алдын алуға байланысты қосымша шығынды өтеуге;
өз денсаулығына қасақана зиян келтірген жағдайда, оны емдеуге байланысты
шығындарды өтеуге;

алименттерді, салықтарды, міндетті зейнетақы жарналарын және өзге
міндетті аударымдарды аударуға;

орындау парақтары немесе басқа орындау парақтары бойынша ұстауларды
аударуға;

тамақтану, заттық мүліктің және коммуналдық-тұрмыстық қызметтердің
құнын өтеуге пайдалана алады.

Колонияларда - елді мекендерде жазасын өтеп жүрген, бас бостандығынан
айыруға сотталған тұлғалар ақшаны шектеусіз пайдаланады.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың тамақ, заттай мүлік,
коммуналдық-тұрмыстық және емдеу-алдын алу қызметтерін алуына
байланысты шығындарды өтеу, сондай-ақ мемлекетке, түзеу мекемесіне
келтірілген залалды, қашуға жол бермеуге байланысты қосымша шығындарды
өтеу сомасы республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдеріне
депозиттік қаражат жөніндегі шоттар сотталғандардың ақшалай ұстауларын
есептеу үшін, сондай-ақ алғашқы қажеттілік заттары мен тамақ өнімдерін сатып
алуға қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша осы қаражаттарды жарату және
жазаларын өтеуден босаған сотталғандарға ақшалардың қалдығын қайтару үшін
ашылады.

Ақыл-есі кеміс балаларға арналған интернат үйлеріне, психоневрологиялық
интернаттарға, ата-аналарының қарауынсыз қалған жетім балалар мен балаларға
арналған білім мекемелеріне депозиттік қаражат жөніндегі шоттар аталған
мекемелерде тұратын және оларды аталған мекеменің әкімшілігі қамқорлыққа
алу белгіленген қамқорлыққа алынғандардың табыстарын есептеу үшін, осы
қаражатты қамқорлыққа алынғандардың жеке мақсаттарына пайдалану
құқығымен ашылады:

азық-түлік өнімдерін қосымша сатып алуға;

қосымша медициналық көмек көрсетуге;
дәрі-дәрмектерді қосымша сатып алуға;
киім-кешектер, аяқ-киімдер мен бірінші кезектегі қажет заттарды, гигиена жабдықтарын қосымша сатып алуға;
төсек және іш киімдерді қосымша сатып алуға жұмсау құқығымен депозиттік қаражат жөніндегі шоттар ашылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесіне депозиттік қаражат жөніндегі шот жоғары оқу орындарында мамандарды дайындауды несиелендіру мақсатында мынадай операцияларды жүргізу үшін:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінен және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінен түсетін несиелер ресурстарын есепке алу үшін;

мемлекеттік білім беру несиесі бойынша жоғары білімді мамандарды дайындауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға несиелер ресурстарын аудару үшін;

несиелер бойынша өтеу қаражатын есепке алу үшін;
мемлекеттік білім беру несиесі бойынша жоғары білімді мамандарды дайындауды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың игерілмеген несиелер қаражаттарын қайтару үшін;

несиелерді өтеу есебіне түскен қаражатты және республикалық бюджеттің кірісіне игерілмеген несиелер қаражатын қайтару үшін Астана қаласы Қазынашылық басқармасында ашылады.

Ұлттық валютада қаражатты есепке алу үшін депозиттік қаражат жөніндегі шот Қазынашылықтың аумақтық органдарында:

республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне - 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті берген рұқсаттың негізінде;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге - 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазынашылықтың аумақтық органы берген рұқсаттың негізінде ашылады (ашылған шоттың әрекет ету мерзімі ұзартылады).

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге ұлттық валютада қаражат есептеу үшін депозиттік қаражат жөніндегі шот 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің рұқсаты негізінде Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында ашылады (ашылған шоттың әрекет ету мерзімі ұзартылады).

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге ұлттық

валютада қаражат есептеу үшін депозиттік қаражат жөніндегі шот 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті уәкілетті органдарының рұқсаты негізінде Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында ашылады (ашылған шоттың әрекет ету мерзімі ұзартылады).

Шетел валютасындағы депозиттік қаражат жөніндегі шоттар республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің рұқсат негізінде екінші деңгейдегі банктерде облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің шешімдері және жергілікті уәкілетті органдарының рұқсаттары негізінде екінші деңгейдегі банктерде ашылуы мүмкін.

Шетел валютасындағы депозиттік сомаларды сақтаудың және пайдаланудың тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің белгілейді.

Депозиттік қаражат жөніндегі шоттарға ақшаны есептеу және пайдалану бөлігінде депозиттік қаражат жөніндегі шоттарды ашуға (әрекет ету мерзімін ұзартуға) берілген рұқсаттарға сәйкес Қазынашылық органдары бақылау жасайды. Депозиттік сомалардың тиісті алушыға дұрыс аударылуына мемлекеттік мекеменің басшылары жауап береді. Депозиттік сомалар бойынша жоспар жасалынбайды.

Ескерту: 29-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 18 қазандағы N 570 бұйрығымен, 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 496 бұйрығымен, 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 бұйрығымен, 2001 жылғы 7 сәуірдегі N 177 бұйрығымен, 2001 жылғы 21 тамыздағы N 381 бұйрығымен, 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 бұйрығымен, 2003 жылғы 8 мамырдағы N 191 бұйрығымен.

30. Тиісті бюджетке аударуға жататын депозиттік сомалар үш банктік күн ішінде аударылуы тиіс.

31. Шоттарда депозиттік сомалардың сақталуы мынадай мерзімдермен шектеледі:

1) жеке тұлғаларға беруге жататын депозиттік қаражат жөніндегі шоттар үш жыл бойы сақталады;

2) заңды тұлғаларға (мемлекеттік мекемелерден басқа) беруге жататын депозиттік қаражат жөніндегі шоттар бір жыл бойы сақталады.

Осы тармақтың 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген мерзімдер депозитке тиісті сомаларды енгізу туралы атына депозиттік сомалар енгізілген жеке немесе заңды тұлғаға хабарлама жіберген күннен бастап, ал шешілмеген сот істері бойынша депозитке енгізілген сомалар үшін - сот шешім шығарған күннен бастап есептеледі.

Егер атына депозиттік сомалар енгізілген жеке немесе заңды тұлға шет елде болса және осы сомаларға иелік ету үшін рұқсат алу қажет болса, онда бұл мерзімдер мұндай рұқсат алған күннен бастап есептелінеді.

3) мемлекеттік мекемелерге беруге жататын депозиттік сомалар осы сомалар енгізілген жылдың 31 желтоқсанына дейін сақталады.

Қарау үшін сот шешімі талап етілетін депозитке енгізілген сомаларды сақтау мерзімдері мұндай шешімдер енгізген күннен бастап есептеледі.

